



Нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы Ереже

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі 1998 жылғы 13 наурыз N 177. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 20 наурызда тіркелді. Тіркеу N 488. Ескеरту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 14 наурызыдағы N 31 бұйрығымен.

1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының
Z970155_
"Нотариат
туралы" Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.
2. Аталған Ереже 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

Министр

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
13 наурыз 1998 ж. N 177
бұйрығымен бекітілді

Нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар
беру тәртібі туралы
Ереже

1. Нотариаттық қызмет құқығына лицензиялар беру тәртібі туралы ереже (әрі қарай - Ереже) жекеменшік нотариустарға нотариаттық қызмет құқығын іске асыруға лицензия беру (әрі қарай - нотариус лицензиясы) тәртібін, мерзімі мен шарттарын реттейді.
2. Ереженің құқықтық негізі 1997 жылғы 14 шілдедегі "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады.

3. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияларды беруді Әділет біліктілік алқасы ұсынымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (әрі қарай - лицензиар) жүзеге асырады.

4. Нотариустың лицензиясы (әрі қарай - лицензиат) жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл стажы бар, Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған және мемлекеттік немесе жеке нотариус сынағынан өткен, ӘБА-ның ұсынымын алған, жекеменшік нотариаттық тәжірибемен айналысады қалаған Қазақстан Республикасының азаматына беріледі.

5. Лицензиат бір жолғы лицензиялық алымды Қазақстан Республикасының

Үкіметі бекіткен мөлшерде төлейді.

<*>

Лицензия алымы біліктілік емтиханын жақсы тапсыру жағдайында лицензия алғанға дейін төленеді.

Лицензиар төленген алым сомасының бюджетке аударылу дұрыстығы, толықтығы және уақытылы бюджетке аударылуы үшін жауап береді.

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - КР Әділет министрлігінің 1999.02.24.

N 18

V990701_

бұйрығымен.

Ескерту. 5-тармақ өзгертілді - КР Әділет министрлігінің 1999.07.09.

N 395

V990839_

бұйрығымен.

6. Лицензиар лицензияны беру туралы мәселені мынадай құжаттардың негізінде қарайды:

1) лицензия беру туралы өтініш;

2) Әділет біліктілік алқасының біліктілік емтиханын тапсырған

нәтижелері және ұсынымды тапсырғаны туралы шешімі;

3) Лицензиялық алымды төлеу туралы түбіртек немесе төлем

тапсырмасының көшірмесі.

Бұрын нотариус болып жұмыс істемеген адам сынақтан өту туралы шарттың көшірмесін, бұйрықтың немесе одан сынақтың жетекшісін тағайындау туралы үзіндісінің көшірмесін және одан өту нәтижелері туралы қорытындыны қосымша ұсынады.

<*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрлігінің
2000 жылғы 4 қазанды N 78

V001280_

бұйрығымен.

7. Біліктілік емтиханын тапсыру нәтижелері бойынша Лицензиар:

- нотариустың лицензиясын беру туралы;
- нотариустың лицензиясын беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

8. Лицензиардың шешімі барлық қажетті құжаттарымен бірге өтініш берген күннен бастап он күннің ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы түрінде ресімделеді.

<*>

<*>

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің 1999.02.24.

N 18

V990701_

бұйрығымен.

Ескерту. 8-тармақ өзгертілді - ҚР Әділет министрлігінің

2000 жылғы 4 қазанды N 78

V001280_

бұйрығымен.

9. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім, егер лицензия алуға келген тұлға:

- нотариаттық қызмет жасауға сот тыйым салса;
- қасақана қылмыс істеуге қатысты алынбаған немесе мерзімі бітпеген сотталушылығы бар.
- қызметтік міндеттерін атқару кезінде теріс қылыштары және зандылықтарды бұзғаны үшін әділет, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, кеден қызметі, салық полициясы, анықтау, тергеу органдарының судьясы, қызметкери қызметінен босатылса;

- осы Ереженің 6-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттарды тапсырмаса;
- нотариаттық қызмет құқығымен айналысу құқығына лицензиялық алым бермесе.

<*>

Ескерту. 9-тармақ толықтырылды - ҚР Әдіlet министрлігінің
2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

10. Лицензия беруден бас тарту кезінде өтініш иесіне лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелденген жазбаша түрде жауап беріледі.

Бас тарту туралы шешім сот тәртібімен шағымдана алады.

<*>

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әдіlet
министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

11.

<*>

Ескерту. 11-тармақ алынып тасталынды - ҚР Әдіlet
министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

12. Лицензия Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен нысанда беріледі және Лицензиар жүргізетін жекеменшік нотариустың Мемлекеттік лицензиарлар тізіліміне енгізіледі.

13. Лицензия жоғалған кезінде лицензиаттың өтініші негізінде он күн ішінде оның дубликаты беріледі. Бұл жағдайда лицензиаттан осы Ереженің 5-тармағымен көзделген мөлшерінде лицензиялық алым төленеді.

<*>

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді - КР Әділет министрлігінің 1999.07.09.

N 395

V990839_

бұйрығымен.

Ескерту. 13-тармақ өзгертілді - КР Әділет министрлігінің

2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

14. Нотариус лицензиясын алған және нотариаттық қызметпен айналысады қалаған адам аумақтық әділет органдының тіркелу есебіне кіреді және нотариаттық палата мүшелігіне енеді.

14-1. Тегін, атын, әкесінің атын, төлкүжаттық деректерін және тұратын

жерін өзгерткен жағдайда нотариус лицензиарға бір айлық мерзімде көрсетілген мәліметтерді растайтын қосымшалармен тиісті құжаттарды жазбаша хабарлауға міндетті.

<*>

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - КР Әділет

министрлігінің 2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

15. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған адам аумақтық әділет органдының бұйрығы бойынша мемлекеттік нотариус қызметіне тағайындалуы мүмкін.

<*>

Ескерту. 15-тармақ өзгертілді - КР Әділет министрлігінің

2000 жылғы 4 қазандағы N 78

V001280_

бұйрығымен.

16. Лицензия негізгі, мерзімсіз болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК